

АЗАТТЫҚТЫ АҢСАП ӨТКЕН АЗАМАТ

Бүркіт ЫСҚАҚОВ

Нақақ тұтқынның наразылығы

ДУШАР БОП БЕЙНЕТ СОРЫМА...

Душар боп бейнет сорыма,
Көріне кез боп тағдырдың,
Тұтқынның түсіп торына,
Басыма бұғау салдырдым.

Қайғының қара қанжары,
Қадалып ғазиз жүрекке,
Жараланып жас жаным,
Отырмын міне түнекте.

Жақыным, жарым, жолдасым
Жаныма бірі келмейді.
Ойлай ма әлде өз басын,
Білмеймін әлде сенбейді?

Тергеуші сонда шұқшып,
Тесіле терең тергейді,
Прокурор да түксіп,
Шырайын жылы бермейді.

Надзиратель дегендер,
Ала көздеп қарайды,
«Бұл — айыпкер» дегенге,
Әлдекімге санайды.

Салмағы жоқ сезімнің,
Айтқанменен пәлен деп.
Ақтығымды өзімнің,
Берейін немен дәлелдеп?

Жазықсызбын, жарандар,
Көңілде жоқ түк кірім.
Нанбасаңдар қараңдар,
Жүрегімнің түкпірім.

Өтті күндер, өтті айлар,
Отырғалы тергеуде.
Айтылса да не жайлар,
Ақтығыма сенбеуде,

Тергеу орны қайтсе де,
Болса да етпек айыпты.
«Контр» деген әйтсе де,
Ат емес маған лайықты.

Бар да шығар бойымда,
Кей кемшілік, қателік.
Кіршік жоқ бірақ ойымда,
Көрсен де дүрбі әкеліп.

ЖАМБАСЫМА СЫЗ БАТЫП...

Жамбасыма сыз батып,
Жай болғалы абақты.
Талай рет күн батып,
Талай рет таң атты.

Күні-түні сарылып,
Тергеуші алар жауапты.
Тыныс талай тарылып,
Жедім талай шапақты.

Жатыр стол үстінде,
Қалың-қалың папкалар.
Менің көзім түссін деп,
Қасақана ақтарар.

«Ананы айт! Мынаны айт»,
«Билесің бе пәленді?»,
«Белгілі бізге барлық жайт,
Тілемейміз дәлелді»,

«Жақын деген жолдасың,
Куә боп өзі-ақ келеді.
Қорғау үшін өз басын,
Қаралап сені береді».

өткір шумақтарымен өре білген.

Бүркіт Ысқақов абақтыда және айдауда жүргенде жан бағып қарап жатпады. Ол онда да ақиқат үшін, азаттық үшін арпалысумен болды. Өз басынан өткізген тауқыметті тағдыр жолын өлеңге айналдырып отырды.

Абақтыда жүріп өлең жазды. Оңай шаруа емес. Онда жеке кабинет, жазу столы, тіпті қалам мен қағаз да жоқ. Бірақ соған қарамастан Бүркіт Ысқақов «Үзілмей жібi үміттің» атты ұзақ өлеңдер топтамасын жазып шықты. Оның осы өлеңдер топтамасы — жеке поэмаға бергісіз шығармалар. Өйткені мұнда поэмаға тән қасиеттердің бәрі бар. Бүркіт Ысқақов өзінің осы әрекетімен үлкен әдеби ерлік жасады. Бұл Мұса Жәлел, Назым Хикметтердің жасаған ерлігіне пара-пар ерлік. Сондықтан академик Мұхамеджан Қаратаев былай деп пікір білдірген: «Бүркіт Ысқақовтың «Тас еденнің ызғары» атты өлеңдер топтамасының қазақ поэзиясынан алатын орны ерекше. Оның бұл өлеңдернен Сәкеннің сыры, Бейімбеттің мұны, Ілиястың үні естілгендей болады. Оның бұл өлеңдерінде көркем поэзияның табиғатына тән ең ғажап қасиеттер сақталған».

Бүркіттің айдауда жазған өлеңдерінен оның қапалы мұң-шері айқын көрініп тұрады. Ол қанша жерден тауқымет тартса да күндердің күнінде әділдік туы желбірейтініне кәміл сенген. Алты жылғы азапты аттап өтіп, тозақ отын өшірген Бүркіт еңсесі түспей өршелене еңбек етті. Жыр өнерінде өзіндік қолтанбасы бар ақын жұртшылықтың көдесіне жарайтын дүннені түйдек-түйдек

Ысқақов, М. Теміровті «ұлтшыл болды» деп дәлелдеуге барын салды. Тергеу орындарының тыйым салынған әдебиет деп жүргендері орыс саяхатшысы И. В. Мушкетовтың «Түркістан», географ ғалым Н. И. Мартыненконың «Алашорда», С. Мұқановтың «XX Ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты кітаптары еді. Бүркіт Ысқақов студент кезінде осы кітаптарды институт кітапханасынан алып, оқып жүрген ғой. Кейін тергеу орындары осы кітаптарды тыйым салынған әдебиет деп тапқан.

Айта кетерлік бір жағдай, бұлардың ісінде бұлтартпайтындай дәлел боларлық ешқандай құжат, немесе заттай айғақ жоқ. Айыптардың барлығы «Анау айтты, мынау айтты, пәленше былай деген екен» деген сияқты құрғақ сөздерге ғана құрылған. Соған қарамастан НКВД тергеушілері Бүркіт Ысқақовты және онымен бірге қамауға алынған басқа да азаматтарды күндіз-түні қыспаққа алумен болды. Алдады, арбады, жекіді және арандатты. Күндіз тамақтан, түнде ұйқыдан айырды. Осылайша оздері алдын ала дайындап қойған қағазға қол қойдыруға мәжбүр етті.

Бүркіт Ысқақовқа ерте-ректе жазылған кейбір өлең-

Жастайымнан қисса-дастандарға құлағым қанық болып өскендіктен бе, әйтеуір өлең-жырға бала кезімнен іңкәр едім. Ақын болғаным жоқ, бірақ ақындарға өте жақын жүрдім. Солардық арасынан Жанахмет Баяхметовтің, Жаппар Өмірбековтің, Жылқыбай Нұрбековтің, Бүркіт Ысқақовтың, Максұт Байсейітовтің және Орынбай Аймағамбетовтің есімдері алдымен ауызға түседі.

Мен бүгін Нұра топырағында дүниеге келген ақын және әдебиетші ғалым Бүркіт Ысқақов досым жайлы білгенімді баяндамақпын. Ол көзі тірі болса өзінің 70 жасқа толуы тойлар еді.

Бүркіт ақынның өмір жолы даңғыл болған жоқ. Оның жолында өркешті өткелдер, шытырман соқпақтар аз кездеспеді. Алайда қайсар ақын, алғыр азамат осы қиындықтарға мойымады. Қиындықтың қыл көпірін қиып өтіп, докторлық диссертациясын енді қорғағалы отырғанында ауыр казаға тап болды.

Тарихымыздың зұлмат кезінде, сталиндік жаппай қуғын-сүргін тұсында нақақтан жала таңылып, абақтыда азап шеккен адал азаматтардың адам айтқысыз ауыр тағдырлары жаныңды түршіктіреді. Осындай жазықсыз жала таңылған азаматтардың бірі — ақын Бүркіт Ысқақов.



Асыл арман, ғажап қиял мендегі,
Қанат берген ұшқыр, отты өлеңге.
Менімен бірге қоса айдалып келмеді,
Ақша бұлт боп қалды сенің төбеңде.

Қалды бәрі—бақыт, байлық, дереже,
Жарым, балам, достарым да сүйікті.
Өзімменен алмадым мен дәнеңе,
Ала кеттім тек үміт пен күйікті.

Қош, Алматым, алтын тулы астанам,
Аттандым мен алыс, ауыр сапарға.
Қайда жүрсем сені есімнен тастамай,
Қосылармын, я қосылман қатарға...

ҚАЙРАН, НҰРА!

Паспорт пенен партбилеттен айрылып,
Жатқан кезде қос қанаттан қайрылып.
Бүкіл Нұра аяғынан тік тұрды,
Бүкіл Нұра азап шекті қайғырып.

Әкем келді сүйретіп қу сүйегін,
Жеңгем жетті кемсең билеп иегін.
Ұшты жарым сонау шалғай қиырдан,
Қос қолына қысып алып жүрегін.

Шапты достар көмек сурап, «қайдалап»,
Осы сәтте тұрған жан жоқ жай қарап.
Кеуделесе Аққошқар мен Құдыман,
Дәулетоек пен Жүсіптер жүр майдапап.

Қалдырмаймын десіп мені қапаста,
Ұшты Айтжан, ұшты Махмет, Қапаш та.
«Ақырғы оқ осы болсын» дегендей,
Жанайдарды сайлап қойған «запасқа».

Қарындасым қайғырды ол да егіліп,
Келінім тұр көзден моншақ төгіліп.
Айтшы, Нұра, сонша саған кім едім,
Қиналғандай сан қабырға сөгіліп?

Сонша кім ем? Кімге ғана дәрімін?
Емеспін де бір керемет, нәніңмін.
Бар болғаны — топырағында туыппын,
Бар болғаны —жалғыз тамшы қаныңмын.

Тек сол үшін жүрсіңдер ғой күйініп,
Жатырсыңдар жапырласып, үйіліп.
Тек сол үшін тәуекелге бел байлап,
Алыпсыңдар тас түйнектей түйініп.

Қайран, Нұра! Қайран атамекенім?
Жүрегімді жұлсам да аздық етермін.
Топырағыңнан айналайын, туған жер,
Еңбегіңді қашан ғана етермін?

ҚИНАЙДЫ СОЛАР

ЖАНЫМДЫ

Ойламаймын, анамды,
Ойламаймын жарымды,
Ойлаймын екі баламды,
Қинайды солар жанымды.

Ата-анамның менен де,
Бар еді басқа ұлдары.
Келмеймінбе, келембе,
Емес-ті маған тым зәру.

Жарым да қалмас далада,
Ауылда көп еді жігіттер.
Қосылар бір адамға,
Болса өзі үміткер.

Балама менің бірақ та,
Әке қайдан табылар?
Аумаған өзім сияқты,

Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі коллегиясы 1951 жылғы 15—16 маусымдағы үкімі бойынша Айтбай Нәресhev, Бүркіт Ысқаков, Махмет Теміровті 25 жылға, Мұстақым Азанбаев, Жәкен Қалиев, Рамазан Нәресhev, Адырбек Аманқұловты 10 жылға соттап, қосымша бес жыл саяси түзеу лагеріне жіберуге үкім шығарды. Халық жауының қара тізіміне тіркеліп, жазықсыз айыпталған азаматтар кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық ұйым құрыпты-мыс. Мақсаты Орта Азия мен Қазақстан Республикасын Кеңес мемлекеті құрамынан бөліп алып Түркияға қосу көрінеді.

Мұның өзі қолдан құрас-тырылған сандырақ болатын. НКВД органдары қазақ жастарының арасынан осындай бір астыртып ұлтшылдық ұйым табу керек болды да, әлгі азаматтар жазықсыз абақтыға жабылды. Амал нешік, ақын Бүркіт Ысқаков өленді енді өндірте жазатын шағында 25 жылдық жазаны мойнына іліп, қара жұмысқа жегілді. Сонда оның мойнына тағылған негізгі айыптың бірі — «Жас қалам» деген әдеби үйірменің жұмысына қатысқандығы көрінеді. Бірақ ол үкіметке қарсы ұлтшылдық ұйым емес, тек әдеби үйірме болатын. Тергеу орындары осы әдеби үйірмені кейін ұлтшылдық ұйым деп танып, А. Нәресhev, Ж. Өмірбеков, Б.

дерінің жекелеген сөздерін өзгертіп, мазмұнын бұрмалап, оған айып ретінде таққан, Мысалы, Бүркітті «Үндістан ұраны» деген өленді Сәкен Сейфуллиннің «Азия», Ілияс Жансүгіровтың «Гималай» атты өлендеріне еліктеп жазғаны деп кінәлаған. Ол кезде Сәкен мен Ілияс әлі ақталған жоқ еді. Егер Бүркіт НКВД тергеушілерінің күш көрсетуімен осы ардақты ағаларына еліктеп жазғанын мойындаса, көрген күні қараң болатындығы сөзсіз, Мүмкін еліктеген де шығар. Сәкен мен Ілияс сияқты айтулы ақындардың кейінгі қаулап өсіп келе жатқан дарынды жастарға тигізген әсері аз ба еді? Мәселе өленнің тақырыбы мен мазмұнында емес пе?

Бүркіт ақын бұл өленін ағылшын отаршыларына қарсы күреске шыққан Махатма Ганди бастаған Үндістан отаншылдарына арнаған.

О, Үндістан, ұлысын,
Ұлылығың құрысын.
Құрысын демей

кайтейін,
Ағылшынның құлысын.
О, Үндістан, ұлысын,
Туды бүгін ұлы сын.
Оят, тұрғыз ұйқыдан,
Ұлдарыңның тірісін.
Отаршылдық бұғауы,
Қиратылсын, үзілсін.
Қанаушылық қамалы,
Талқандалсын, бұзылсын!

Осында тұрған қандай кәте, идеясыздық бар? Мәнімше ақын алған тақырыбын терең игеріп, уытты да

гімен өндірте жазды. Оған ақынның «Сенің Отаның», «Москваны тыңдаймыз», «Өнерпаз болсан», «Жылдар жырлайды», «Өленді жылдар» атты жыр жинақтары айғақ. Мұнымен бірге ол журналистика, ғылым саласында да қашан көз жұмғанша жемісті еңбек етіп келді. Оның әдебиеттегі және ғылымдағы елеулі еңбегі бірнеше Құрмет грамоталарымен және орден, медальдармен марапатталған. Түрме түнегіне түскен сәтте қатты шайқалған ақын Шаңырағы кейін қайта көтерілді. Бүгінде оның Сырым мен Назым деген ұрпақтары өсіп-өрбіп келеді.

Сол жылдарда жазықсыз жалаға танылған жалғыз Бүркіт ақын емес, олар мыңдап саналады. Бірақ сол мыңдардың бірі, қазақтың қабырғалы ақыны Бүркіт Ысқаковтың осы тауқыметті тағдыр жолы сталиндік құғын-сүргін жылдарында бейнетті мольнан кешкен жазықсыз жандардың; басым көпшілігіне ортақ еді.

Жас ұрпақ Бүркіт Ысқаков сияқты абзал ағаларының есімін ардақ тұтады деп сенеміз. Ал жыр сүйген қауым аяулы ақындарының артына қалдырып кеткен асыл жырларын сүйсіне оқи бермекші.

Онайбек ҚҰДЫШҰЛЫ,
облыстық тіл басқармасының бас маманы, философия ғылымдарының кандидаты.

«Керек болса күнәні,
Ата-анаңнан тартамыз.
Қайтсек-тағы кінәні,
Мойныңа артамыз».

«Қысып алсақ оңаша,
Күә болар әйелің,
Саған түсер араша,
Артыңда бар қай елің?».

Дейді-дағы тергеуші,
Үстіме келіп төнеді.
Қорлайды әлі келгенше,
Жеткенше тілі сөгеді.

АРТЫМДА БАР ЕЛ-ЖҰРТЫМ

Жалған куә, жасанды,
Қылмыстармен айыптап,
Бердің қатал жазаңды,
Нағыз жауға лайықтап.

Есінде болсын бірақ та,
Торғай емес, бүркітпін.
Кетпессің сен де ұзаққа,
Төлерсің құнын бүркіттің.

Бүркіт те емес жабайы,
Мен де адамның баласы.
Адам қаны оңай ма?
Қымбатқа түсер бағасы.

Адам да емес жай ғана,
Ұлы Отанның ұлымын.
Оңайлықпен қай ана,
Өлімге қияр құлынын?

Жою мені, жігітім,
Түспес сіре тегінге.
Артымда бар ел-жұрттым,
Жоқтайтұғын менің де!

ҚОШ, АЛМАТЫМ!

Қош, Алматым, алтын тулы астанам,
Аттандым мен алыс, ауыр сапарға.
Мен едім ғой сенің албырт жас балаң,
Тәрбиелеп қосқан өзің қатарға.

Жастыққа тән аңғал, ашық көңілмен,
Келгенімде арсалаңдап алдыңа.
Таныстырдың қатал, ащыөмірмен,
Салдың отқа, салдың темір талқыға.

Ақыл айтып, білім беріп сен маған,
Ұлы өмірге аштың анық көзімді.
Сенің үлкен кең залыңнан қармағам,
Терең ой мен оттай ыстық сезімді.

Тартып талай сенде сүю күйігін,
Махаббатпен жүрегімді жандырдым.
Сол кездегі жас жүректің сүюін,
Қызыл гүл ғып бақтарыңда қалдырдым.

Тербеледі күндей қызыл байрағың,
Жел соға ма, әлде самал есе ме?
Ол ту емес, менің жастық қайратым,
Жалау етіп қадап кеткен көшеңе.

Таң алдында сайрар бұлбұл бақшада,
Аңсап оның шешек атар гүлдерін.
Қалды дей бер менің жырым нақ сонда,
Қалды дей бер менің сонда үндерім.

Көз жасымды аққан талай жазықсыз;
Бұлақ етіп арығыңда ағыздым.
Жас денемнен шыққан қанды парықсыз,
Тас көшеңе тамшылатып тамыздым.

Жүрегі бар, жаны бар?

Анада болар бірнеше ұл,
Бірнеше еркек әйелде.
Екі әкесі болған бір,
Баланы көрдің қай елде?

Қамқоршы бар үкімет,
Бар қоғамдық мекеме.
Бірақ, достар, ғафу ет,
Әкеге олар жете ме?

Берер киім, берер ас,
Берер үйін, пәтерін.
Әйтсе де олар бере алмас,
Айналғанын әкенің!

Жүргенде өзім қамшы жеп,
Артымда қалған балақан.
«Әкешім, мені алшы!» деп,
Жайғандай маған алақан.

Қамқорлық жасар аталық,
Болмай ешбір дәрменім,
Қасірет, қайғы қапалық,
Көз жасым — әлім келгенім...

СҮЙІНШІ!

Келгенімде дүниеге іңгәлап,
Айтқан шығар бұл сөзді жұрт мың, қабат.
Қуанышпен сүйіншілеп әкемнің,
Жатқан шығар жүн шекпенін жұлмалап.

Не тамаша көрмес дейсіз тірі адам,
Тағдырының талқысына шыдаған.
Туғанда да балаларым өзімнің,
Менен де жұрт сүйіншісін сұраған.

Енді міне, жүрген сәтте бұғауда,
Әлдекімнің дәті барып сұрауға,
«Сүйінші!» дейді маған іштен айғайлап,
Есеңгіреп аз-ақ қалдым құлауға.

Жаңа ғана шығып келіп шахтадан,
Сапқа тұрған тұтқындарды қаптаған,
Жатыр еді оннан санап еңгізіп,
Тас қамғауға дарбазалы қақпадан.

Сүйіншіні сұраушы—іште, мен—тыста,
Жылдай болып кетті уақыт ең қысқа.
Қайыра бір естуге сол лебізді,
Қанат болса ұшар едім мен құсша.

Шіркін жүрек аттай тулап мөңкиді,
Жылжып келем ой тербетіп он қилы.
Жақсы сөздің байыбына бара алмай,
Жаны құрғыр дөңбекшиді, толқиды.

Бір лықсыдық, кірдік темір қақпадан,
Құлнязды көрдім қарсы аттаған.
Келді ме екен сәлемдеме әлдебір,
Келді ме екен қуанышты хат маған?

Мені көріп құшақ жая жүгірді,
—Қысқартыпты сенің он бес жылыңды!
Қалған оның бірдеңе ғып өтерсің,
Тілей бер тек одан арғы ғұмырды!

Мұндай сөзді қанға құйған у ұғып,
Ата-бабам өлер бәлкім буынып.
Ал мен болсам қуанғаннан сүйіншіге,
Жиырма бес сом бердім сонда суырып.

ҚАЙРАН ДОСТЫҢ ҚАЙҒЫСЫ

(БҮРКІТ ЫСҚАҚОВ АРУАҒЫНА)

Құрбым ең жастан бірге
өскен,
Жан емес едік сен дескен.
Мінезің көпке сүйкімді,
Адамдықтың желі ескен.
Қауіптің бұлты түнеріп,
Күндер де болды жан
кешкен.
Армандадың көрсем деп,
Өзгемен елді тенескен.

Ардақты жанның бірі едің,
Халық үшін кам жескен.
Ел қорғайтын ерлерді,
Топтасам деп күрескен.
Қадірлеп халық намысын,
Жықпаймын деп тірескен.
Елінді сүйген ер едің,
Сескенбей жаумен
белдескен.
Еңкеймей еркін сөйлестің,
Пасыққа қарсы беттескен.

Азабың да аз болған жоқ,
Ауыр қапас сен түскен.
Қиындықтан қажымай,
Өмірден өттің көнбестен.
Шие болған түйінді,
Адам едің тез шешкен.
Жан аямас дос едік,
Шығармысың сен естен!

Махмет ТЕМІРҰЛЫ.
НҰРА ауданы.

